

Қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі еркін жасақтар туралы

Күшін жойған

Ақсу қалалық әкімдігінің шешімі 2003 жылғы 9 сәуірдегі N 12. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 25 сәуірде N 1765 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімінің 2005 жылғы 27 мамырдағы N 8 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімінің 2005 жылғы 27 мамырдағы N 8 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағы 5 тармақшасына сәйкес және тұрғындарды қоғамдық тәртіпті сақтауға тарту мақсатында ШЕШІМ қабылдамын:

1. Қоғамдық тәртіпті сақтау жөнінде меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың ұжымдарының өкілдері ішінен, полицияның учаскелік пункттерінің базасында еркін жасақтар құрылсын.

2. Қоғамдық тәртіпті сақтау жөнінде еркін жасақтардың ұйымдастырылуы мен қызметінің қоса беріліп отырған қағидасы бекітілсін (әрі қарай - Қағида).

3. Ақсу қаласы әкімі жанында қағидаға сәйкес қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қалалық еркін жасақтар штабы ұйымдастырылсын (әрі қарай - Еркін ж а с а қ т а р ш т а б ы)

4. Қалалық ішкі істер бөліміне еркін жасақтар штабына тәжірибелік, әдістемелік және құқықтық көмек көрсетуі ұсынылсын.

5. Қала әкімінің осы шешімі облыстық әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап екі апта ішінде "Ақжол Новый путь" қалалық газетінде жариялануға жатады. қала әкімінің осы шешімінің жариялануын бақылау қала әкімі аппараты мемлекеттік - құқықтық бөлімінің бастығы И.В. Кудашкинаға жүктелсін.

6. Қала әкімдігінің осы шешімінің орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы Р.Н. Сүленоваға жүктелсін.

Қала әкімі

" Қ о ғ а м д ы қ т ә р т і п т і
с а қ т а у ж ө н і н д е г і е р к і н
ж а с а қ т а р т у р а л ы " қ а л а ә к і м і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 9 с ә у і р
N 12 шешімімен БЕКІТІЛДІ

Қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі еркін жасақтардың ұйымдастырылуы мен қызметінің ҚАҒИДАСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі еркін жасақтар бөлімшелері (әрі қарай - Еркін жасақтар бөлімшелері) меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың еңбек ұжымдары, қалалық ішкі істер бөліміне қоғамдық тәртіпті сақтауда, қылмыс пен құқық бұзушылықты алдын алуда бірлесіп көмек көрсететін азаматтардың жұмыс орындары бойынша құрылады.

2. Еркін жасақтар бөлімшелері қазақстан Республикасының 18 жасқа толған азаматтардың санынан жеке меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың еңбек ұжымдарының ұсыныстары бойынша еркін түрде және азаматтың жазған арызының негізінде қалыптасады.

3. Еркін жасақтар бөлімшесінің мүшесіне (әрі қарай Жасақшылар) қабылдау туралы азаматтардың өтініші Еркін жасақтар штабы бастығының атына ж а з ы л а д ы .

4. Егер үміткер өзінің жеке іскерлік және адамгершілік қасиеті бойынша жасақшыларға қойылған талаптарға сәйкес болса, онда Еркін жасақтар штабы бастығының ұсынысы болған кезде үміткердің жұмыс орны бойынша кәсіпорын, мекеме, ұйым басшыларының бұйрығымен Еркін жасақтар бөлімшесінің м ү ш е с і н е е н г і з і л е д і .

5. Еркін жасақтар бөлімшесінің жалпы басшылық пен ішкі істер органдарымен өзара үйлесімділігін Еркін жасақтар штабының басшысы жү р г і з е д і .

6. Меншік нысанына қарамастан, заңды тұлғалар және азаматтар қоғамдық тәртіпті сақтауға, құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға жасақшыларға бірлесіп көмек көрсетеді.

2. Негізгі міндеттер

7. Қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі еркін жасақтардың негізгі міндеті қалалық ішкі істер бөліміне қоғамдық тәртіпті сақтауға мыналар арқылы көмек к ө р с е т е д і :

қалалық ішкі істер бөлімі қызметкерлерімен көшелерде, алаңдарда, саябақтарда, көпшілік және басқа қоғамдық жерлерде және мәдени көпшілік пен

спорттық - көрініс шараларын өткізу кезінде бірлесіп патрульға шығу; қылмыс пен құқық бұзушылықты, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасында алдын алу және ескерту жөнінде бірлесіп жұмыс істейді.

3. Жасақтар құрылымы және жұмысын ұйымдастыру

8. Еркін жасақтар Еркін жасақтар штабы мен Еркін жасақтар бөлімшелерінен тұрады.

9. Еркін жасақтар штабын қалалық ішкі істер бөлімі қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы басқарады.

10. Әрбір Еркін жасақтар бөлімшесін қалалық ішкі істер бөлімі бастығымен лауазымға тағайындалатын және босатылатын командир басқарады.

11. Еркін жасақтар штабының басшысы келесі функцияларды атқарады:

1) Еркін жасақтар бөлімшесі қызметі, қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылық пен алдын алу мәселелері бойынша қалалық ішкі істер бөлімімен өзара үйлесімділігін қамтамасыз етеді;

2) Еркін жасақтар бөлімшесі қызметін жинақтайды;

3) қала әкімі мен қалалық ішкі істер бөлім бастығына қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алуды жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) Меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар басшыларына жасақшыларды көтермелеу мәселесі бойынша ұсыныстар енгізеді;

5) қалалық ішкі істер бөлімі бастығына Еркін жасақтар бөлімшесінің командирлерін жазалау және көтермелеу мәселесі бойынша ұсыныстар енгізеді.

12. Еркін жасақтар бөлімшесінің командирі келесі функцияларды атқарады:

1) Еркін жасақтар бөлімшесін басқарады;

2) Еркін жасақтар бөлімшесі мүшелерін іріктейді және оқытады;

3) Еркін жасақтар бөлімшесі мүшелерінің кезекшілік кестесін құрады;

4) Еркін жасақтар бөлімшесі мүшелерінің қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша міндеттерін ұйымдастырады және олардың орындалуын бақылайды;

5) Еркін жасақтар бөлімшесінің қызметін жетілдіру жөнінде шаралар әзірлеп қолданады;

6) Кезекке шығудың алдында Еркін жасақтар бөлімшесі мүшелеріне қаладағы жедел жағдай туралы, олармен орындалатын мақсаттары мен міндеттері нұсқама жүргізеді.

13. Еркін жасақтар штабы айына бір рет Еркін жасақтар бөлімшесінің қызметін талдауға және олардың жұмысын іске асыру жөнінде шаралар қолдануға отырыстар өткізеді.

4. Еркін жасақтар бөлімшесі мүшелерінің міндеттері мен құқықтары

14. Еркін жасақтар бөлімшесінің мүшесі:

1) Қоғамдық тәртіпті сақтауға, қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алуға белсенді қатысуға;

2) Еркін жасақтар штабының бастығы мен Еркін жасақтар бөлімшесі командирінің тапсырмалары мен талаптарын адал орындауға міндетті.

15. Еркін жасақтар бөлімшесі мүшесінің:

1) Азаматтарға қоғамдық тәртіпті бұзуын тоқтату жайлы өз талаптарын қоюға ;

2) Қажет болған жағдайда қалалық ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің қатысуымен құқық бұзушыны ішкі істер бөліміне немесе полиция учаскелік пунктіне әкелуге құқығы бар.

5. Көтермелеу және жазалау шаралары

16. Қоғамдық тәртіпті сақтауға, қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алуға белсенді қатысқан жасақшылар, меншік нысанына қарамастан жұмыс орны бойынша мекемелер, кәсіпорындар мен ұйымдардың құзыры шегінде мыналар:

1) алғыс жариялау ;

2) сыйлық немесе ақшалай сыйлық беру арқылы марапатталады.

17. Жасақшыларды көтермелеу еңбек ұжымдарының жиындарында салтанатты түрде өткізіледі.

6. Еркін жасақтар бөлімшесінің мүшелерін қорғау шаралары

18. Еркін жасақтар бөлімшесінің мүшелері кезекшілік қызметін атқару кезінде жарақат алғанда, оларды емдеуге негізгі еңбек қызметінің орны бойынша мекеме, кәсіпорын, ұйымдармен төленеді.

7. Еркін жасақтар бөлімшесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету

19. Еркін жасақтар бөлімшесін орналастыру полиция учаскелік пункттерінің базасында жасалады, олардың қызметтік телефон арқылы жұмыс жасауға құқы бар.